6D020500 – Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Керимова Сания Макежановнаның «**Мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері**» атты диссертациялық жұмысына шетелдік ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Диссертациялық жұмыста жаһандану және интеграция заманында қарқынды дамып, халықаралық қатынастарды нығайту жағдайында өзекті мәселелердің бірі болып табылатын мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері қарастырылады. Қазақстандық тіл білімінде осы тақырыпқа жазылған толыққанды зерттеулер шектеулі және мақала көлемінде зерделеніп, Қазақстанның ішкі саясатына сәйкес ұлтаралық қатынастарды орнату, халықаралық келіссөздерді жүргізу, БАҚ-тағы этностереотиптерді талдау мәселелеріне арналады. Қазақстандық ғылымда мәдениаралық қатысым жағдайы мәдениеттану және әлеуметтану тұрғысынан ғана кеңінен зерттелген.

Ізденуші докторанттың зерттеу жұмысы мәдениаралық қатысымның лингвистикалық мәселелерін антропоцентристік бағыттағы когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, прагмалингвистика, психолингвистика, дискурс теориясы ілімдерімен ұштастырып қарастырады. Теориялық тұрғыдан зерттеу барысында көптеген шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне жүгінген. Сонымен қатар, тақырыпқа байланысты жазып шығарған ғылыми мақалалары да диссертацияда көрініс табады.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде диссертант төмендегідей жаңа және шынайы ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

1. Зерттеу жұмысының теоретикалық-әдіснамалық негіздері анықталып, мәдениаралық қатысым мәселелері жаңа ғылыми парадигмалар жүйесінде қарастырылды. Қазақстандық тіл білімі ғылымындағы мәдениаралық зерттеулердің негізгі үрдістері сипатталды.

2. Мәдениаралық қатысымдағы тілдік бірліктердің мәдени шартталған семантикасы қарастырылып, БАҚ-тан алынған мысалдар негізінде әлемнің тілдік бейнесіне кросс-мәдени талдау жасалды.

3. Колоремалар мәдени реалийлерді белгілейтін компаративтік жиынтық ретінде белгілі бір этникалық қауымдастық өкілдерінің білімдері мен тәжірибесін анықтайтын ақпараттық құрылымдар, сондықтан олардың семантикасы мен символикасындағы тарихи-мәдени ақпарат сипатталды.

4. Мәдениаралық қатысым мен аударма арақатынасы анықталып, аударма мысалдары сипатталды. Көркем аударма шығармалары және олардың аудармалары тарихи-мәдени ақпаратты тәржімалау тұрғысынан талданды.

5. Мәдениаралық қатысым жағдайындағы шетел азаматтарының қазақстандық этномәдени реалийлерді қабылдауы ассоциациялық тәжірибе арқылы зерттелді.

6. Мәдениаралық қатысым жағдайында қазақ жастарының тілдік санасындағы бейнелердің қалыптасуы зерттелді.

7. Мәдениаралық қатысым жағдайында қалыптасқан этностереотиптер (авто- гетеростереотиптер) сипатталды.

Ізденуші орындаған жұмыс алға қойылған міндеттерге толық жауап береді. Автор тақырыпты толық ашып, терең зерттеген, жұмыс мәдениаралық қатысымның өзекті мәселелерін қамтиды, әсіресе тілдік бірліктердің коммуникацияда атқаратын рөлі айқын көрсетілген. Диссертацияда әртүрлі дереккөзден (БАҚ, ұлттық мәдениеттегі түр-түс атауларындағы тарихи-мәдени ақпарат, көркем шығармалар мен олардың аудармалары, сөйлеу актілері, ассоциациялық тәжірибенің нәтижелері) алынған материалдар сапалы және жан-жақты талданған.

Диссертация қолданбалы маңызға ие және қазақстандық тіл білімінде лакуна болып қалған маңызды да, өзекті мәселені қарастырады. Ассоциациялық тәжірибенің және социомәдени бағыттағы сауалнама нәтижелері сауалдарға берілген жауаптардағы түйінді сөздер мен жиілік ассоциациялар қазақтардың ұлттық «портретін» жалпылайтын маңызды бағаларды қамтитындығын көрсетті.

Жоғарыда аталғандарды ескер отырып, 6D020500 – Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған Сания Макежановна Керимованың «Мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері» атты диссертациялық жұмысы ғылыми-теориялық мазмұны жағынан жаңа бағытта жазылған, барлық талаптар сақталып, ғылыми жұмысқа қойылатын шарттар орындалған. Диссертацияны қорғауға ұсынуға болады деп есептейміз.

Ғылыми-зерттеу жұмысының осы айқындаушы белгілеріне сүйене отырып, Сания Макежановна Керимованың диссертациясын қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші,
Вашингтон университетінің (АҚШ)
профессоры, философия докторы(PhD)Т.Мауқанұлы